



Ескерту

Бүкіл есептер үшін:

- Шектеулер контекст жүйесіндегі "Overview" бетінде қолжетімді.
- Контекст жүйесінен жүктеп алуға болатын тіркеме архив бар. Оның ішінде үлгі бағалаушылар, бағдарламалар, мысал тестілер, компиляция және бағдарламаны іске қосу үлгілері бар.
- Сіз әр есепке 50-ге дейін бағалауға тапсырыс жасай аласыз және әр тапсырыста бір файл ғана жіберу керексіз.
- Бағдарламаңызды үлгі бағалаушымен тексерген кезде, сіздің енгізбеңіздің форматы үлгі бағалаушының форматына және шектеулеріне сәйкес келуі керек. Әйтпесе, белгісіз мінез-құлық пайда болуы мүмкін.
- Үлгі бағалаушының мысал енгізбелерінде әрбір екі қатар орналасқан белгі, басқаша формат нақты көрсетілмеген болса, тура бір кетікпен бөлінген.
- Кодыңызды өзіңіздің құрылғыңызда тексерген кезде, бекітілген архивте берілген скриптерді қолдануыңызды ұсынамыз. `-std=gnu++17` компилятор опциясына мән беруіңізді сұраймыз.
- Егер CMS-ке бағалауға тапсыра алмай жатсаңыз, кодыңызды контекст бітуінен кейін бағалауға сақтап қою үшін `ioisubmit` құралын қолдануыңызға болады.
 - `<source_file>` директориясында `ioisubmit <task_shortname>` `<source_file>` командасын орындаңыз.
 - Комитет мүшесінен `ioisubmit` командасының шықпасының суретін түсіріп алуын сұраңыз. Осы қадам орындалмайынша сіздің бағалауға жіберуіңіз саналмайды.
 - Егер онлайн қатысып жатқан болсаңыз, өз прокторыңыздан суретке түсіріп алуын және ұйымдастырушыларға жіберуін сұраңыз.

Келісім

Есептердің берілгенінде код сигнатуралары жалпы болып саналатын `void`, `int`, `int64`, `int[]` (жиым) және `int[][]` (жиымдар жиымы) арқылы берілген.

C++ тілінде, бағалаушылар тіл синтаксисіне сәйкес астында берілгендей түрлер қолданады.

<code>void</code>	<code>int</code>	<code>int64</code>	<code>int[]</code>
<code>void</code>	<code>int</code>	<code>long long</code>	<code>std::vector<int></code>

<code>int[][]</code>	а жиымының өлшемі
<code>std::vector<std::vector<int>></code>	<code>a.size()</code>